

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 13 (980) 22 наурыз, 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## КЕҢ БОЛСЫН ҚАЗАҒЫМНЫҢ КЕРЕГЕСІ, КЕТПЕСІН АЛЛА БЕРГЕН БЕРЕКЕСІ, АЛАШТЫҢ БАЛАСЫНА НӘСІП БОЛҒАН, ҚҰТТЫ БОЛСЫН, НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ!

### ҚҰРМЕТТІ

#### СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді Наурыз мерекесімен құттықтаймын!

Тамыры тереңге тартатын Наурыз мерекесінің Жер-ананың бауыры жібіп, айнала жаңара бастаған кезбен сәйкес келуінің өзі адамзатты жаңашылдыққа, сенім мен жігерге, бейбітшілік пен махаббатқа шақырады.

Бұл – ата-баба үшін қадірлі болған күн. Бір-біріне қонаққа бару, барлық ренішті кешіру, ағаш отырғызып, үйдің айналасын тазалау, шаруашылықты реттеу, бай дастархан әзірлеп, жылы тілектер айту бұрыннан жалғасын тауып келе жатқан әдемі салт-дәстүріміз.

Еліміз Тәуелсіздік туын желбіреткеннен бері Наурыз жалпыхалықтық мерекеге айналды. Бұл күні қазақстандықтар ұлт пен дінге бөлінбей ортақ тойлайды.

Наурыз – еліміздің жаңаруы мен жаңа құндылықтарды қалыптастыру жолындағы бірлік, бауырластық пен ынтымақтастықтың мерекесіне айналды.

Бүгін, біз, болашаққа деген сенімді жігерлендіретін ел дамуының жаңа кезеңіне аяқ бастық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген мақсаттарды бағытқа алып, дамуың сара жолымен келеміз.

Қасиетті жаңару күнінде Сіздерге және жақындарыңызға шын жүректен денсаулық, табыс, амандық, өркендеу және бейбітшілік тілеймін.

Жалпыхалықтық Наурыз мейрамы біздің жерімізде өмір сүріп, еңбек етіп жатқан барлық азаматтарымыздың басын біріктіре түсетін ынтымақ пен сыйластықтың жалғасы бола берсін!

Ғайез НҰРМҰХАМБЕТОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.



### ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жарқын мереке ежелден табиғаттың жаңаруын бейнелейді, адамдардың рухани тазаруына ықпал етеді, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді нығайтады. Ежелгі заманнан бері Наурыз адамдардың бейбіт өмірге, жақсылық пен келісімге деген құштарлығын оятты.

Бұл күндері адамдар бір-бірінің барлық реніштерін кешіреді, ал табиғаттағы және біздің жанымыздағы үйлесімділік мейірімділік пен көршілерге деген сүйіспеншілікті тудырады. Көктемгі мерекенің бұл терең және шынайы мағынасы бүгінгі күні ерекше өзекті.

Біздің көпұлтты мемлекетіміз сенімді алға жылжуы, нығайуы және күш алуы үшін бізге ауа ретінде бірлік пен өзара түсіністік қажет.

Наурыз біздің көпұлтты Қазақстанымыз үшін мереке болып табылады. Достық, бауырластық, теңдік жағдайында біздің халқымыз өмір сүреді. Тұрақтылықтың, өзара түсіністіктің және еңбексүйіштіктің арқасында біз үлкен

жетістіктерге жеттік.

Құрметті жерлестер! Жаңарудың қасиетті күні Сіздерге және жақындарыңызға денсаулық, табыс, амандық, өркендеу мен бейбітшілік тілеймін. Бүкілхалықтық Наурыз мейрамы біздің жерімізде тұрып, еңбек етіп жүргендердің бәрін біріктірудің берік бастауы болсын.

Наурыз сіздерге сергектік пен денсаулық, амандық пен көктемгі тамаша көңіл-күй сыйласын! Еліміздің бай рухани мұрасының жарқын символына айналған Наурыз мейрамы әрбір үйге амандық, қуаныш пен бақыт, өркендеу мен молшылық әкелсін! Наурыз құтты болсын! Елімізде бейбіт өмір болсын! Ұлыстың Ұлы күні- Наурыз мейрамы еліміздің жаңа бастамаларына сәттілік әкелсін! Ұлысымыз оң, ақ мол болсын!

Берік ӘЛЖАНОВ,  
Тайынша ауданының әкімі

## ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін Табиғат мерекесі. Наурыз - адамдардың қыс қыспағынан, жұт апатынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын шаруа мерекесі. Наурыз - әрбір шаңыраққа шыраққа шырақ жағылып, күтіп, жақсылық құт-береке тілеп, ертеңгі күнге зор үмітпен қарайтын сенім мерекесі. Наурыз – жеті дәмнен Наурыз көже жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастарқан басында бірге оты-

ратын ынтымақ-бірлік мерекесі. Наурыз – жыл бойы өткен-кеткен ренішті кедергісіз кешіріп, ән-күймен, ойын-сауықпен жанды жадыратып, сананы серпілтетін көңіл мерекесі.

Құрметті ардагерлер! Сіздерді көктем, табиғаттың жаңаруы, үйлесімділік пен достық мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз мейрамы ұлты мен дініне қарамастан, Қазақстанда тұратын барлық этностар үшін біріктіруші

мерекеге айналды. Оның адамдар арасындағы достық пен сенімді нығайтудағы, ұлттық дәстүрлерді сақтаудағы мәні ерекше. Наурыз мейрамы – бірлік пен жаңа өмірдің бастауы. Ол өзара көмек пен жақындардың қолдауын, достық пен мейірімділікті бейнелейді. Бүгінгі таңда бұл өте маңызды.

Ұлыстың Ұлы Күні – Наурыз мерекесі құтты болсын, жерлестер!

Анатолий РАФАЛЬСКИЙ,  
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Наурыз – Жаңа күн. Күн мен түннің теңелуі. Жаңа жылдың дүниеге келуін айғақтайтын Жаңа күн. Осы күннен жаңару басталады. Табиғат жаңарады. Наурыз мерекесі құтты болсын, ағайын!

## ОБЛЫС ӘКІМІ ТАЙЫНША АУДАНЫНДА БОЛДЫ

Аймақ басшысы Ғауез Торсанұлы Нұрмұхамбетов Тайынша ауданына жасаған сапарын Драгомиров орта мектебінен бастады. Ғимарат 1968 жылы салынған, осыдан 3 жыл бұрын апаттық деп танылыпты. Жарты ғасырлық тарихы бар мектептің төбесінде және қабырғасында кемшіліктер анықталыпты. Облыс әкімі «Көкше Техстрой» зауытында болып, зауыттың бүгінгі таңдағы жұмысымен танысты. «Көкше Техстрой» зауыты 10 жылдан артық жұмыс істейді. Мұнда газға, сумен қамтуға арналан полиэтилен құбырлар, ал жылу желілері үшін болат құбырлар шығарады. Өндіріске қажет шикізат Новосібір және Қазан қалаларынан алынады. «Көкше Техстрой» сонымен қатар, поливинилхлоридтен есік-терезе де шығарады. Кәсіпорында 50 адам жұмыс істейді, орташа жалақы – 300 мың теңге.

Ғауез Нұрмұхамбетов Тайынша ауданындағы сапарын жергілікті ауруханада жалғастырды. Бұл жерде 40 мыңға жуық адамға қызмет көрсетіледі.

Жалпы ауданда 62 дәрігер жұмыс істейді. Былтыр 9 маман келді. Қазіргі таңда кадр жетіспеушілігі 10 адамды құрап отыр. Ауруханада 4 хирург бар.

Ауруханаға кардиолог, травматолог, акушер-гинеколог және 2 педиатр жетіспейді. Ауруханадағы құрал-жабдықтардың 87 пайызы жаңа. Жыл сайынғы қаржыландырудың арқасында емдеу мекемесінің мүмкіндігі артты. Қазір мұнда мамандарға қажеттінің барлығы жасалады, - дейді Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасының директоры: Мақсат Құдратуллаев.

Өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов жас мамандармен тілдесіп, қажырлы еңбектеріне табыс тіледі. Сондай-ақ, аймақ басшысы мемлекеттік қолдаудың арқасында жаңа кадрлар өңірде қалатынына сенім білдірді. Медицина қызметкерлерімен кездесу соңында Ғауез Нұрмұхамбетов дәрігерлерді келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтады.

Тайыншада жалдамалы-коммуналдық тұрғын үй 2022 жылы пайдалануға берілді. Ғимаратта 18 пәтер бар. Бюджеттен 84 миллион теңгеден астам қаржы

бөліп, оның тең жартысын аудан әкімдігі қызметтік мақсатқа сатып алыпты. Ендігі жоспар – қалған бөлігін иелену. Бүгінгі таңда Тайынша ауданында түрлі санаттағы 681 адам баспана кезегінде тұр.

Тайынша ауданындағы қарттарға да көмек көрсетіледі. «Надежда» Тайынша ауданына әлеуметтік қызмет көрсету орталығы 2006 жылдан бері жұмыс істейді. Қазір мұнда 97 адам тұрады. Ең үлкені 98 жаста. Оларға монша жағылады, гүл өсіруге де мүмкіндік бар. Өңір басшысы аға буынға жасалатын жағдаймен жіті танысты. «Қариясы бар елдің қазынасы бар», - деп бекер айтылмаған. Облыс әкімі орталықтағы қарттармен жүздесіп, ұзақ ғұмыр тіледі, сонымен қатар, келе жатқан мейраммен құттықтады.

Аудандағы өзекті мәселенің бірі – биылғы қыста қардың мол түсуіне байланысты алдағы уақытта су тасқынының болып қалуы. Алдын ала барлық қауіпсіздік жұмыстары атқарылуда. Арнайы техникалар да сақдай сай.

Облыс әкімінің сапарында тасқынға тосқауыл қою жайы жіті пысықталды. Заречное ауылына апаратын көпірді арнасынан асқан кезде Шағалалы өзені жылда шайып кетеді. Қазір бұл түйткіл жан-жақты қаралып жатыр. Мәселенің шешімі – сапалы жөндеу жұмысы. Бұл жерге диаметрі үлкен темірбетонды құбырларды орнату жоспарланып отыр.

Ғауез Нұрмұхамбетов Тайыншадағы мамандармен техниканың су тасқынына дайындығын көріп, жұмыс жоспарларымен танысты. Су тасқыны болған жағдайда әр адам жылдам әрекетке ете білуі тиіс. Алдағы кезең – әр адам үшін аса жауапты. Сапар соңында Аққайың, Ақжар, Уәлиханов аудандары әкімдерінің қатысуымен алқалы жиын өтті. Аймақ басшысы қалың қар күрт еріген жағдайда су тасқынына қарсы іс-шараларды жан-жақты талқылады. Әлі де болса, дайындықты барысын күшейтіп, қатаң бақылау қажеттігін ескертті.



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

## 16 МЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Жер қатынастары саласы-мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. СҚО-нда өткен жылы осы салада 16 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. 14 мыңнан астамы оң түрде көрсетілді. Ағымдағы күні жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 01 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген, 2023 жылғы 1 тамызда енгізілген өзгерістермен жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларға сәйкес көрсетіледі. Жер қатынастары саласында облыстық және аудандық атқарушы органдар мемлекеттік қызметтің 12 түрін көрсетеді. Олардың ішінде: жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту; бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасын келісу және беру; жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру және басқалар.

Өткен жылы Мемлекет басшысы жер заңнамасын жетілдіруді және жер учаскелерін беру тәртібінің рәсімдерін оңайлатуды, жер қатынастары саласында қызметтер көрсетуді цифрландыру арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимылын барынша азайтуды, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуды көздейтін заңға қол қойды. Осыған байланысты «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет автоматтандырылды.

Қазір Петропавл қаласында және аудандық маңызы бар 4 қалада: Тайынша қ., Булаев қ., Сергеевка қ., Мамлют қ., жер учаскелері өңірлік Геопортал арқылы жаңа форматта беріледі. Жария кадастрлық картада бос жер учаскелерін онлайн таңдау мүмкіндігі ұйымдастырылды және өтініштен бастап тіркеуге дейінгі қалаларда жер учаскелерін берудің барлық процесі электрондық форматқа ауыстырылды. Жер учаскесіне құқық алуға мүдделі адамдар «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы өтінішті жария кадастрлық картада сұралып отырған жер учаскесіне бөлінген схеманы дербес қалыптастыра отырып береді. Өтінішке: жер учаскесін бөлу схемасы; Жер кодексінің 48-бабының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерін беруге байланысты өзге де құжаттар қоса беріледі. Мемлекеттік қызмет екі кезеңде көрсетіледі. Бірінші кезең: сұралып отырған жер учаскесін қала құрылысы құжатына сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша беру мүмкіндігін (мүмкін еместігін) анықтау – 15 жұмыс күні ішінде. Екінші кезең: көрсетілетін қызметті алушының

жер учаскесін бөлу схемасын келісуі, жер учаскесін бөлу схемасын қоса бере отырып, жер учаскесіне құқық беру туралы көрсетілетін қызметті берушінің шешімін қабылдауы; жер учаскесін сатып алу-сату немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу – 6 жұмыс күні ішінде. 2023 жылы жер учаскелеріне құқық беру бойынша жаңа формат арқылы 430 өтініш келіп түсті, оның 111-і қанағаттандырылды. 2024 жылдың басынан бері 92 өтініш келіп түсті.

Сондай-ақ, 2023 жылы қосымша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер пайда болды: - «Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту». Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 10 жұмыс күніне дейін. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесіне уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімі және жер учаскесін уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану (жалдау) шартын жасасу не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады. 2023 жылы 78 қызмет көрсетілді.

- «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру». Мемлекеттік қызмет екі кезеңде көрсетіледі: Бірінші кезең: сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды және топографияны жасау – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні ішінде. Екінші кезең: жер учаскесін таңдау актісін келісу және көрсетілетін қызметті алушы жер-кадастрлық жұмыстардың қызметтері үшін ақы төлеу кезінде жер-кадастрлық жоспарды қоса бере отырып, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару, уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу кезінде – 18 (он сегіз) жұмыс күні ішінде. 2024 жылдың басынан бастап жер қатынастары саласында 1300 - ге жуық мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде оң-1184, 67 өтініштерден бас тартылды. - «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру».

Мемлекеттік қызмет екі кезеңде көрсетіледі: Бірінші кезең: сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін таңдау актісін дайындау, сәулет-жоспарлау тапсырмасын, инженерлік желілерге қосылуға техникалық шарттарды және топографияны жасау – 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні ішінде. Екінші кезең: көрсетілетін қызметті алушы жер учаскесін таңдау актісін келісу және жер-кадастрлық жұмыстардың қызметтері үшін ақы төлеу кезінде жер-кадастрлық жоспарды қоса бере отырып, жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешім шығару, уа-

қытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасау – 18 (он сегіз) жұмыс күні ішінде. 2024 жылдың басынан бастап жер қатынастары саласында 1300 - ге жуық мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде оң-1184, 67 өтініштерден бас тартылды.

Тайынша аудандық ішкі саясат бөлімі.

**16 тысяч госуслуг в сфере земельных отношений оказали в СКО за 2023 год.**

*Сфера земельных отношений - одна из основных составляющих социально-экономического развития государства. В СКО за прошлый год было оказано свыше 16 тысяч госуслуг в этой области. Более 14 тысяч – положительно. На текущий день, государственные услуги в сфере земельных отношений оказываются в соответствии с Правилами по оказанию государственных услуг в сфере земельных отношений утверждённые приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 01 октября 2020 года № 301, с изменениями внесёнными 1 августа 2023 года. Всего в сфере земельных отношений областными и районными исполнительными органами оказываются 12 видов государственных услуг. В их числе: утверждение землеустроительных проектов по формированию земельных участков; согласование и выдача проекта рекультивации нарушенных земель; выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка и другие.*

В прошлом году Главой государства был подписан Закон предусматривающий совершенствование земельного законодательства и упрощение процедур порядка предоставления земельных участков, минимизация взаимодействия услугополучателей с услугодателями путём цифровизации оказания услуг в сфере земельных отношений, а также улучшение качества оказываемых услуг населению. В связи с этим была автоматизирована государственная услуга «Приобретение прав на земельный участок в черте города, республиканского значения, столицы, городов областного и районного значения».

Сейчас в городе Петропавловск и 4 городах районного значения: г. Тайынша, г. Булаево, г. Сергеевка, г. Мамлютка, земельные участки предоставляются в новом формате посредством регионального Геопортала. Организована возможность онлайн выбора свободных земельных участков на Публичной кадастровой карте и весь процесс предоставления земельных участков в городах от заявления до регистрации переведены в электронный формат.

Лица, заинтересованные в получении права на земельный участок, посредством веб-портала «электронного правительства» или через Государственную корпорацию «Правительство для граждан» подают заявление с самостоятельным формированием на публичной кадастровой карте схемы отвода испрашиваемого земельного участка. К заявлению прилагаются: схема отвода земельного участка; иные документы, связанные с предоставлением земельных участков, указанных в пункте 1 статьи 48 Земельного Кодекса. Государственная услуга оказывается в два этапа. Первый этап: определение возможности (невозможности) предоставления испрашиваемого земельного участка по заявленному целевому назначению в соответствии с градостроительным документом – в течение 15 рабочих дней. Второй этап: согласование услугополучателем схемы отвода земельного участка, принятие решения услугодателя о предоставлении права на земельный участок с приложением схемы отвода земельного участка; заключение договора купли-продажи земельного участка или временного (краткосрочного, долгосрочного) возмездного (безвозмездного) землепользования – в течение 6 рабочих дней.

За 2023 год посредством нового формата по оказанию предоставления прав на земельные участки поступило 430 заявлений, из них 111 удовлетворены. С начала 2024 поступило уже 92 заявления.

Также, в 2023 году появились дополнительные государственные услуги:

- «Продление срока аренды земельного участка». Срок оказания государственной услуги составляет до 10 рабочих дней. Результатом оказания государственной услуги является решение услугодателя о предоставлении права временного (краткосрочного, долгосрочного) возмездного (безвозмездного) землепользования (аренды) на земельный участок и заключение договора временного (краткосрочного, долгосрочного) возмездного (безвозмездного) землепользования (аренды) земельного участка, либо мотивированный отказ в оказании государственной услуги. За 2023 год оказано 78 услуг, все положительно.

- «Предоставление земельного участка из земель поселка, села». Государственная услуга оказывается в два этапа: Первый этап: определение возможности использования испрашиваемого земельного участка по заявленному целевому назначению, изготовление акта выбора земельного участка, составление архитектурно-планировочного задания, технических условий на подключение к инженерным сетям и топографии – в течение 28 (двадцати восьми) рабочих дней. Второй этап: при согласовании акта выбора земельного участка и оплате за услуги земельного кадастровых работ услугополучателем, вынесение решения о предоставлении права землепользования на земельный участок с приложением земельного кадастрового плана, заключение договора временного (краткосрочного, долгосрочного) возмездного (безвозмездного) землепользования – в течение 18 рабочих дней.

С начала 2024 года в сфере земельных отношений оказано порядка 1300 государственных услуг, из них положительно - 1184, отказано было в 67 обращениях.

## ОЛАР БАҚЫТТЫ ӨМІР СҮРУГЕ ЛАЙЫҚ ЖАНДАР



Наурыз мейрамы қарсаңында Тайынша қаласының аудандық мәдениет үйінде аудан әкімі Б.А.Әлжановтың қатысуымен мүмкіндігі шектеулі, жүрегі жаралы жандарға арналған мерекелік іс-шара өтті. Аудан әкімі жиналған жасөспірім балалармен олардың ата-ана, туысқандарын, күтушілерін Наурыз мерекесімен құттықтап, оларға мейірімділік, шыдамдылық пен күш-қуат тіледі, сонымен қатар, сыйлықтар табыс етті. Мерекелік күні қарсаңында өткізілген іс-шара барысында қатынасқандарға бауырсақ үлестірілді.

Мерекелік ән-жыр, ойындар бір сәтке болса да, жиналған мүмкіндігі шектеулі, жаны нәзік жандардың көңіліне қуаныш сыйлады.

Осындай мерекелік іс-шараны ұйымдастырушылар-

ға және осындай жиындарға үнемі қолдау көрсетіп жүретін азаматтарға ата-аналар атынан алғыстар да айтылып жатты. Наурыз мерекесі қарсаңында өткізілген кездесуді қолдап, келушілердің көңілін көтеруге өз үлестерін қосқан азаматтар: ЖК «Бисұлтанов» Жанат Қайроллаулы, ЖК «Кенжегарин» Жанат Молдағалиұлы, ЖК «Турлубаев» Асқар Хайыржанұлы, ЖК «Бура» Оксана Сергеевна, ЖК «Журавская» Татьяна Алексеевна, ЖК «Маметова» Анна Михайловна, ЖК «Хасенова» Айгүл Жанабілқызы және ЖК «Быченко» Татьяна Николаевна, қайырымдылық істеріңіз үшін Сіздерге Мың Алғыс!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



## «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ»

Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Орта Азия елдері оны 5000 жылдан аса уақыт атап өтіп келеді. Наурыз мейрамы заманауи діндер мен көптеген мемлекеттер пайда болғанға дейін шамамен 5 мың жыл бұрын пайда болды.

Наурыздың шығу тарихы белгісіз. Иран мифологиясына сәйкес, осы күні Тұран ханы Афрасиабтың қолынан қазатапқан атақты Саяуыш батыр жерқойнына тапсырылған. Бұл аңыздың Авестада айтылғаны белгілі. Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Бұл күні жер шары алаңдарын қоспағанда, бүкіл жер бетінде күн мен түн теңеседі. XI ғасырдың өзінде ұлы ғалым әрі ақын Омар Хайям жұлдыздар мен шоқжұлдыздардың толық циклды аяқтағаннан кейін, өзінің бастапқы жүру нүктесіне келіп, жаңа жолды – шең-

берді қайта бастайтын байқады. Бұл бақылауының негізінде Хайям сол кезде билік еткен Джалал ад Дин Мәлік Шах ибн Әл-Арслан Селжүктің құрметіне «Мәлік күнтізбесі» деп аталатын жаңа күнтізбе құрастырды. Онда жаңа циклдың басталуы 22 наурызға – көктемгі күн мен түннің теңелетінін күніне түседі. Бұл күнтізбе қазір пайдаланып жүрген күнтізбеге қарағанда, әлдеқайда дәлірек болды. Өйткені, 365 күн бар күнтізбеге қарағанда, жылына 324 күнді құрайтын Мәлік астрономиялық күнтізбесіндегі қателік 0.0002 күн және одан кем.

Көптеген ислам елдерінде бұл мерекені атап өтуге тыйым салынған. Сирияда және Иранда Наурыз мейрамы тойланбайды, ал Түркияда мерекені 1991 жылға дейін атап өтуге тыйым салынған болатын.

Шамасы, наурыз мейрамын мұсылман мерекесі ретінде қабылдау халықтың этникалық тамырымен тығыз байланысты. Осы уақытқа дейін Орта Азияның негізгі байырғы халқы, яғни қазақтар, қарақалпақтар, өзбектер, қырғыздар, тәжіктер және түркімендер этникалық мұсылмандар ретінде саналады. Және соның нәтижесінде, бұл халықтардың барлық ұлттық мерекелері мұсылман мерекесі ретінде қабылданады. Бұл мереке кезінде ислам діні тарапынан құдалауға ұшырап, Кеңес Одағы кезінде атап өтілуге тыйым салынғанына қарамастан, қазақ халқының ең маңызды мерекелерінің бірі болып қалды.

Қазақтың төл мерекесін өзіне қайта сыйлаған – әйгілі қазақ ақыны Мұхтар Шаханов. Қазақстанда 1926 жылдан бастап Наурызды тойлауға тыйым салынған болатын. Тек 1988 жылы Мұхтар Шаханов коммунистік партияның Орталық Комитетінің бірінші хатшысына хат жазып, осы мерекені қайта жандандыруды сұраған еді. Хат мәтінінде: «Геннадий Васильевич желтоқсан оқиғалары екі ел арасында жік қалдырды. Қазақтар сізге жек көрініспен қарайды. Егер сіз Наурыз мейрамын жандандыруға көмектесетін болсаңыз, онда барлық қазақтар сізге басқа көзқараспен қарайтын болады» делінген. Сонда Колбин Горбачевты көндіруге уәде берді. Сөйтіп, сол жылдан бастап Қазақстан Наурыз мейрамын қайта тойлай бастады. 2010 жылғы 19 ақпандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясында «Әлем мәдениеті» бағдарламасының 49-тармағына сәйкес «Халықаралық Наурыз мерекесі» деп аталатын қарар қабылданды. Сөйтіп, мереке БҰҰ-мен мойындалды.

Парсы тілінде Наурыз «жаңа күн» деп аударылады. Түркі халықтары, заманауи қазақтардың ата-балалары Наурыз мейрамында ақ киімдерін киіп, шаштарын қырып, алып тастайтын. Бұл күні тұрғындар бұлақ, бастау, су қоймасы мен құдықтардың бетін ашып, тазартады. Сондай-ақ, мейрамда үйде міндетті түрде қымыз, шұбат, сүзбе секілді дәм татанын сүт тағамдары, яғни ақ болу керек. Егер сүт болмаса, ыдыс-аяқты бұлақ суымен толтырып қоятын болған. Олар осы күні Жаңа жылдық дастарханның сәнін келтіретін міндетті тағам – Наурыз көже дайындайды.

Наурыз мейрамының басты тағамы – Наурыз көже. Ол 7 ингредиенттен дайындалады: су, сүрленген немесе кептірілген ет, тұз, май немесе жануар май, жарма, айран. Ал Наурыз көже ішкен адамдарға сәттілік күлімдеп, денсаулығы жақсарып, отбасы қуаныш пен молшылыққа кенеледі делінеді.

Мерекелік қарсаңында 22 наурыздың түні қазақтар қиыл-ғажайып аңыздардағы бейне – Қызыр атаны күтеді. Наурыз қарсаңы Қызыр түні немесе «бата түні» деп аталады. Қазақтар бұл түні Қызыр атаны күтіп, ұйықтамауға тырысатын. Ал тұрмысқа шықпаған қыздар өздері ұнататын жігіттерге арнап, соғымның соңғы етін ұызға салып пісіріп, «ұйқыашар» деп аталатын ерекше тағам әзірлейді. Жігіттер мен бозбалалар болса, қыздардың қонақасының қарымтасына айна, тарақ, иіс судан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтарын ұсынады. Және бойжеткендер терезені сәл ашып, үстелге ұн салынған ыдыс қойған. Егер үй таза және үй иелерінің жүрегі мейірімге толы болса, Қызыр Ата бақ қонған үйге батасын береді деп есептеледі. Наурыз түрлі елдердің ұлттық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі өтеді. Бірақ, олардың бәріне ортақ бір ерекшелік бар. Бұл жеті элементтен, негізінен өсімдік өнімдерінен тұратын арнайы тағамды дайындау рәсімі. Алайда, бұл өнімдер өзгеше болуы керек. Сондай-ақ, бұл тағамның атауында да айырмашылық бар. Егер өзбектер бұл тағамды «сұмалақ» деп атаса, қазақтар - «Наурыз көже» дейді. Наурыз мейрамы мүмкіндігінше көңілді және шулы етіп атап өтіледі. Ежелде мейрам 13 күнге жалғасқан. Сонда адамдар ауыл-ауылды аралап, наурыз көжеден дәм татып, «Наурыз» әнін айтып, бір-бірін жаңа жылмен құттықтап, жақсылақтар тілейтін. Бұрынғыда бұл күні туыстар мен достарға барып, жаңалықтармен бөлісу және жаңа бірлескен жұмыс бастау дәстүр болған. Дәстүрге айналу себебі, қысқы кезеңде елді мекендер арасында хабар таратып, арада байланыс ұстау қиын болғаннан болып отыр. Мерекеледе халық түрлі ойын-сауық ойындарын ұйымдастырып, ат жарыстырып, алтыбақан тепкен. Наурыз мейрамында халықтық ойындар мен сауықтық кештер ұйымдастырылады. Бұл күні ұлттық-ойындар мен көңілді кештер өтеді. Мысалы, қыз қуу, алтыбақан құру, ұлттық билер, көкпар, бәйге.

<https://stan.kz/nauriz-merekesi-turali-kizikti.../>  
сайты бойынша мақаланы әзірлеген:

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР! САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру» ҚР АШМ 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына сәйкес ұсынылатын «Жер учаскелерін қалыптастыру бойынша жерге орналас-тыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы хабарлайды.

Қызмет облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының кеңсесі (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) арқылы төрт жұмыс күні ішінде қағаз нысанда тегін көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті берушінің ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру туралы шешімі не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

1) «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру туралы өтініш

2) мыналарды ауыстырған кезде:

құндылығы аз ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге және бағалырақ түрге – аудандар мен қалалардың ауыл және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдарының қорытындылары мен ұсыныстары бар түсіндірме жазба;

суарылмайтын егістіктерді ауыл шаруашылығы алқаптарының басқа құндылығы аз түрлеріне – ауыл және су шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісуші облыстық уәкілетті органдардың қорытындылары мен ұсыныстары бар түсіндірме жазба;

3) ауыл шаруашылығы алқаптарының бір түрден екіншісіне ауыстыруға белгіленген жерлердің экспликациясы;

4) басқасына ауыстыру белгіленген ауыл шаруашылығы алқаптарының орналасқан жері, олардың алаңдары, пайдалану түрі, ауыстыру себебі көрсетілген далалық зерттеп-қарау актісі және келісуші мемлекеттік органдар бөлімшелерінің өкілдері мен осы жерлердің барлық мүдделі уәкілетті жер пайдаланушылары (иеленушілері) қол қойған, басқа түрге ауыстыруға белгіленген ауыл шаруашылығы жерлері көрсетілген далалық зерттеп-қарау сызбасы;

5) жер учаскелерінің сапалық сипаттамасы;

6) суару желісінің, жайылма суару жүйесінің, суландыру құрылыстарының техникалық жай-күйі, сондай-ақ негізгі қорлардың құны туралы мәліметтер;

7) жер учаскесі әуеайлақ маңындағы аумақта орналасқан жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларына сәйкес берілетін рұқсат.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі-Шешім қабылдау үшін, жер актісін одан әрі дайындау үшін жерге орналастыру жобасын бекіту болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер- 1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін ұсынылған қажетті деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұранымға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы;

4) осы елді мекенде жайылым тапшылығы болған жағдайда, жайылымдарды егістікке ауыстыруға тыйым салынады.

**Қосымша кеңесті «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ-нен Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 206 мекенжайы бойынша немесе 22-6-97 телефоны бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік қызметтер» бөліміндегі интернет-ресурстан алуға болады. Жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін (қоса алғанда) сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.**

Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі

Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақстандықтар үшін жалпы халықтық сүйікті мерекесіне айналды. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адам даласының да жан-дүниесі жаңғыра түседі.

Наурыз – бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың осы бір ұлы күні жер бетіндегі қанды соғыстар, дау-жанжалдар тоқтатылып, адамдар бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып, кешірімге келіп, татуласып, табыса білген. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақ жарқын көңілмен жүздесіп, дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Қазақстандағы жүздеген ұлт пен ұлыстардың өкілдері бір-бірімен тату-тәтті, берекелі өмір сүріп жатыр. Әз Наурыздың адам баласын ізгілік пен сыйластыққа, ынтымаққа тәрбиелейтін тереңнен тартар ежелгі қасиетін біз барлық қазақстандықтардың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз.

Бәріңізді көктемнің жарқын мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын. Наурыз күні ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталуға жазсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Сәлік ЖҰМАТТЕГІ, ақын, газет тілшісі

\* \* \*

## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Наурыз мейрамы - Қазақстанның тәуелсіздік алуымен өмірімізге қайта оралған, көктемнің ең тамаша мерекелерінің бірі. Наурыз мерекесін ешқандай діни мерекемен ортақтастыруға болмайды. Бұл мереке шығыс елдерінің ортақ тойы, халықаралық мәні бар, елді бірлікке, татулыққа, ортақ мүддеге шақыратын ерекше мейрам. Көне заманнан бері Наурыз сұлулық пен жасампаздықтың, бейбітшілік пен келісімнің символы болып табылады. Қазақстандықтар үшін Наурыз – айрықша мейрам. Бұл күн қыстың сәтті аяқталып, барша еліміз жаңаша кейіпке енетін көгілдір көктемнің келгенін білдіреді.

Жаңару мен жасару күні Сіздерге бақ-береке, ырыс-ынтымақ әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көркейе берейік! Баршаларыңызды осы келген Наурыз мейрамымен құттықтай отырып, үй іштеріңізге, отбасыларыңызға айтарым: кетпес дәулет, кең пейіл, адал ниет, бастарыңызға амандық! Аллаһ тағала баршаңызды рақымына бөлеп, Пайғамбарымыздың шапағатын нәсіп етсін! Әмин!

Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,

Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.

\* \* \*

## ҚЫМБАТТЫ ҰСТАЗДАР! АРДАГЕРЛЕР!

Қабырғалы қазақ елінің, барша қазақстандықтардың ырысы мен ынтымағының, салт-дәстүрлерінің салтанаты, берекесі мен бірлігінің ерекше көрінісі – Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын! Күн мен түнді теңестірген, көпшілікті ізгілікке жетелеген Наурыз мерекесі бүкіл адамзатқа шаттық сыйлайды. Бұл тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтатын ұлы мереке. Халқымыз «Наурыз келгенде ақ молаяды, жарық ұзарады, тіршілік жаңарады, пейіл түзеледі, көңіл кеңиді» деп сенген. Шындығында әз Наурыз табиғатқа тіршілік әкеліп, көпшілікке көтеріңкі көңіл сыйлайды. «Бұл күні Самарқанның көк тасы ериді» деген сөз Наурыз мерекесіндегі көңіл мен шуақтың, нұр мен пейілдің молдығын білдірсе керек. Бүгінгі Наурыз мейрамы – мемлекеттік деңгейдегі ең ұлық мерекелеріміздің бірі.

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың Ұлы күні. Күн мен түннің теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін табиғат мерекесі. Наурыз – адамдардың қыс қыспағынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын шаруа мерекесі. Наурыз – жеті дәмнен Наурыз көже жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастархан басында бірге отыратын ынтымақ-бірлік мерекесі. Ардагерлеріміз Наурыз мейрамының өзіндік ерекшеліктерін жақсы біледі. Жақсылыққа жаны құмар, ұлтымыздың ұлы салт-дәстүрлерін жастар арасында кеңінен насихаттап жүрген ақылы дария, жүрегі кең аяулы ардагерлеріміз қашанда ынтымақ пен бірліктің үлгісін көрсетіп келеді.

Қадірменді ардагерлер! Әз Наурыз мерекесі отбастарыңызға аманшылық, қуаныш, ырыс пен құт, береке әкелсін. Наурыз құтты болсын, жерлестер!

Гүлжан КАРМЕНОВА,

аудандық білім бөлімі басшысының м.а.

Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА,

Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.



Тайынша қаласының тұрғыны, асқар тау әкеміз, ақылшы атамыз болған ХАМИТ НҰРЖАНҰЛЫ ИСЕНОВ, артында қалған ұрпағы үшін мәңгілікке ұмытылмайтын ерекше тұлға. Әкеміздің, атамның қоңыр дауысы, бала – немерелеріне айтып кеткен өсиет, ақыл – кеңестері әрқашан жанымызда сақталады. Ол еліне елеулі, халқына қалаулы жан болды. Наурыздың 20 жұлдызында туған күні болатын.

Ағайын туыс қара шаңыраққа жиналып, той тойлап, қуанышқа келетінбіз. Енді міне, ол күндер артта қалып, бүгінгі таңда атамның, әкеміздің сағынышпен еске аламыз. Әкеміз өте сабырлы, еңбекқор, әулетіміздің алтын қазығы, береке-бірлігі болған жан. Салмақты да сабырлы, кешірімді, иманды да мейірімді, адал да құрметті жанды, ардақты әкемізді, атамның мақтанышымен еске аламыз. Әкеміздің жаны жәнәтте, Алла иман байлығын берсін, деп Құран бағыштаймыз. Әрқашан сағынышпен еске аламыз.

*Бәтеректей әулетке сая болған,  
Бәрінен де мейірімін аямаған  
Жәннәтә жаның болсын, рухың биік,  
Өзіңдей ардақты адам қайда бізге?!  
Сағынып еске аламыз, Әке сізді,  
Еркелетіп өсірдің бәрімізді  
Өзің берген тәрбиең ұмытылмас  
Тағылымы мол тәлімді, әрі ізді.  
Бақұл болғай жан әке мәңгілікке  
Есімің тұр жүрегімізде жаңғырып,  
Ақ батаңды өсиеттеп ұл-қызыңа  
Кете бардың асыл мұра қалдырып.*

Сағынышпен еске алушы қызы: Ғалия.

\* \* \*



### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

«Дебют» шахмат дойбы клубының басшысы, шахматтан спорт шеберіне кандидат, клубтың негізін қалаушылардың бірі, әріптес, дос, облыс пен ауданымызға танымал шахматшы,

### КУПЕЕВ СЕПЕН ҚАБДУҰЛЫН 60 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ.

Команда құрамында облыс, Тайынша ауданының, «Дебют» шахмат дойбы клубының бірнеше мәрте чемпионы және клуб кубогының иегері!

Біз саған, және жанұяңа бақыт, денсаулық, табыс тілей келе, жеткен жетістіктерге тоқтап қалмай, одан да үлкен жоспарлар мен мақсаттар қойып, ауданымызбен Чкалов ауылында талантты жастарды тауып, баулып, тәрбиелеп оларды да жоғарғы шыңдарға жеткізе беруіңізге тілектеспіз.

«Дебют» шахмат дойбы клубының атынан  
Сеитов О., Лингура Т.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 104. Таралымы: 1300.

### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.